

**«Техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011 жылға арналған бөлінетін 004 «Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу» бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 маусымдағы № 732 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 қарашадағы № 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011 жылға арналған бөлінетін 004 «Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу» бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 маусымдағы № 732 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін: тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің 2011 жылға арналған бөлінетін 004 «Бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу» бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу жөніндегі қызметтердің тізбесін бекіту туралы»; 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Қоса беріліп отырған техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің 2011 жылға арналған бөлінетін 004 «Бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу»

бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу жөніндегі қызметтердің тізбесі бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011 жылға арналған бөлінетін 004 «Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу» бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 19 қарашадағы  
2011 жылғы қаулысына  
№ 1354 қосымша

*Қазақстан Республикасы*  
Үкіметінің 30 маусымдағы  
2011 жылғы қаулысымен  
№ 732 бекітілген

**Техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің 2011 жылға арналған бөлінетін 004 «Бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу» бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу жөніндегі қызметтердің тізбесі**

	Республикалық бюджеттік инвестициялық	
--	---------------------------------------	--

Р/с №	Жобаның атауы	жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірледі немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуді қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірледі немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуді қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуді қаржыландыру көлемі (мың теңге)
1	2	3	4	5
1	ҚБПУ			
Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі				
2	«Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағын дамыту жөніндегі жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін түзету	53 549		
Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі				
3	Арнайы экономикалық аймақ шекараларында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін «Бурабай» МҮТП аумағындағы босалқы жерге ауыстырудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу	7 199		
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі				
4	Мемлекеттік қызмет персоналын басқарудың «е-қызмет» автоматтандырылған жүйесін құруға арналған техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу	19 875		
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі				
5	«Теңізшінің жеке куәлігін жасау, беру және бақылау жүйесі» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу	4 675		
6	«Жүк көлік құралдарын қозғалыста өлшеудің кешенді интеграцияланған автоматтандырылған жүйесі» жобасын енгізуге техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу	3 968		

7	«Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстік бағытта кеңейту. Құрғақ жүк айлақтары және инфрақұрылым объектілері» жөніндегі ж о б а н ы ң техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу		24 092	
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі				
8	«М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің қазақстандық филиалы үшін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқу корпусын салу» ж о б а с ы н ы ң техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу	33 365		
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі				
9	«Халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы (ХШБЮ) ауданындағы Қорғас өзенінде қорғану құрылыстарын және « Қорғас» кеденінің ғимараттарын салу» ж о б а с ы н ы ң техникалық-экономикалық негіздемесін түзету	« 36 000		
Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі				
10	«Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі» ж о б а с ы н ы ң техникалық-экономикалық негіздемесін түзету	15 000		
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі				
11	«Ғылыми-технологиялық мақсаттағы ғарыш жүйесін жасау» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу	35 933		
	Жиыны:	229 389	24 092	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК